

«КЕЛІСІДІ»  
«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы»  
КММ директорын ма.  
Л. Кездикбаева  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 ж.



«БЕКІТЕМІН»  
«Шығыс Қазақстан көпсалалы  
қолданушы университеті» КМҚК директоры  
Оспанов  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 ж.



Шығыс Қазақстан облысының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі  
ауылшаруашылық бағытындағы оқу орындарының студенттері арасында  
откізілетін «Агроонеркәсіп кешені: жағдайы, мәселелері, болашағы»  
облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
ЕРЕЖЕСІ

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Шығыс Қазақстан облысының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі ауылшаруашылық бағытындағы оқу орындары студенттерінің арасында өтетін «Агроөнеркәсіп кешені: жағдайы, мәселелері, болашағы» облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (*бұдан әрі – Конференция*) ауылшаруашылық бағытындағы облыстық әдістемелік бірлестігінің жылдық жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.1. Осы Ереже Конференцияны өткізудің тәртібі мен шарттарын реттейді.

1.2. Конференцияны өткізу мерзімі: **2023 жылғы 27 қараша**. Басталуы: **сағат 9:00-де**

1.3. Конференцияны өткізу формасы: **оффлайн**.

1.4. Конференцияға ШҚО ТжКББ жүйесі оқу орындарының «Ветеринария», «Ауылшаруашылығын механикаландыру» және «Агрономия» мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер қатыса алады.

## II. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. **Мақсаты** - ШҚО ветеринария және механикаландыру саласындағы ізденімпаз, дарынды және қабілетті студенттерді анықтау және қолдау, оларды шығармашылық және эксперименттік жұмысқа ынталандыру.

2.2. **Міндеттері:**

- студенттердің кәсіби дайындығының сапасын айқындау, тәжірибе алмасу;
- студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылығын, бейімділігін, зерттеу жүргізу біліктері мен дағдыларын дамыту;
- пәндік құзыреттілікті, проблемаларды шешу құзыреттілігін, ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру;
- ветеринария, механизация және агрономия саласы бойынша ғылыми тәжірибені жинақтау және насихаттау, зерттеу қызметінің нәтижелерін қоғамға танытуға ықпал ету.

## III. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Конференцияға дайындық жұмыстарын жүргізу, ұйымдастыру, өткізу бойынша ұйымдастыру комитеті құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті: ШҚО ТжКББ жүйесі ауылшаруашылық бағытындағы оқу-әдістемелік бірлестігінің төрағасы, Шығыс Қазақстан көпсалалы колледжінің инженерлік-педагогикалық қызметкерлерінен тағайындалады.

3.3. Конференцияның ұйымдастыру комитеті:

- Конференцияның барлық кезеңдерін өткізу тәртібін анықтайды;
- Конференцияны тікелей басқаруды жүзеге асырады;
- Конференцияның сарапшылар кеңесінің құрамын анықтайды;
- Конференция бойынша сарапшылар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- Конференцияда ұсынылатын тапсырмалардың бағыттар (кезеңдер) бойынша сәйкестігін қамтамасыз етеді;
- Конференциясының қорытындысына талдау жасайды және жинақтайды, есеп береді.

3.4. Конференцияның сараптамалық кеңесі комиссия төрағасы мен мүшелерінен тұрады.

Байланыс номерлері: 8 771 624 62 49 Жакипова Риза Жумагазиновна

8 777 477 29 67 Қалиолдаева Қарлығаш Мамырқызы

#### **IV. КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ**

**Жұмыстың мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар:**

- Формат-А4;
- Тексттік редактор-Word 6,0(7,0),
- Шрифт-Times New Roman, 14 пт;
- Интервал-1,0;
- Баяндаманың көлемі 3-5 бет болу керек;
- Мәтінді жолдың еніне туралау;
- Автоматты түрде сөз дефисін орнату;
- Параграфтың басында шегініс - стандартты (1,25);
- Бірінші жолды шегіндіру үшін қойындыларды немесе бос орындарды пайдалануға жол берілмейді;
  - Мәтінді туралау үшін бос орындарды пайдалануға жол берілмейді (негізгі мәтіннің барлық сөздері бір-бірінен бір кеңістіктен артық болмауы керек);
  - Суреттер мен графиктер нақты кескінге ие болып, ақ-қара түсте сақталуы керек (мүмкін қара көлеңке қолданылған);
  - Мақалалар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.
  - 2 кезеңге өткен қатысушылар өздері таныстыратын мақаласына презентация әкелуі қажет.

#### **V. САРАПТАМА КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ**

Конференцияның сараптамалық кеңесі комиссия төрағасы мен мүшелерінен тұрады.

Ветеринария бағыты бойынша:

1. Сейлгазина С. М. - Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық тәжірибе станциясы басқарма төрағасының орынбасары, доцент, ғылым кандидаты;

2. Ахмадиева А. Ж. - Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ветеринария ғылымдарының кандидаты;

3. Тоқтасынов Қ. А. – Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық тәжірибе станциясы басқарма төрағасының кеңесшісі;

4. Шығыс Қазақстан ауылшаруашылығы тәжірибелік станциясының өкілдері.

Агромеханизация бағыты бойынша:

1. Қасымханов С. Т. - ҚР АШМ АӨК МИК инспекция басшысы;

2. Барков Н. Б. – «Иртыш» ЖШС директорының орынбасары;

3. Асанғалиев Е. А. - ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің оқытушысы.

Конференцияның сарапшылар кеңесінің міндеттері:

- қатысушыларының орындаған жұмыстарымен танысып талдау жүргізеді;

- ұйымдастыру комитетіне жүлдегерлер мен жеңімпаздарды марапаттау жөніндегі ұсыныстар жасайды;
- Конференция қорытындысы туралы есеп тапсырады.

## VI. КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

4.1. Конференцияға қатысушылар өтінімдері мен материалдарын 1-қосымшаға сәйкес **2023 жылдың 19 қарашасына дейін** Шығыс Қазақстан көпсалалы колледжі [gulbahram1970@bk.ru](mailto:gulbahram1970@bk.ru) поштасына жіберуі тиіс. 22 қараша күні 1-турдың қорытындысы онлайн өткізіліп, жарияланады.

4.2. Конференция қорытындысы **2023 жылы 27-қарашасында** Шығыс Қазақстан көпсалалы колледжінің конференция залында өтеді.

4.3. Конференцияға ұсынылған ғылыми ізденіс материалдары, Конференцияның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жұмыстың шынайы нәтижелерін көрсету керек.

4.4. Ережеге сай барлық талаптары орындалған жұмыстар екінші турға оффлайн түрінде қатысуға шақырылады.

Конференция төмендегі бағыттар бойынша жұмыс жасайды:

**1 Секция** «Жануарлар мен құстардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының профилактикалық шараларын ұйымдастыру және оларды емдеу жолдары»;

**2 Секция** «Жануарлар мен өсімдік тектес өнімдерді зерттеудің инновациялық әдістері»;

**3 Секция** «Агроөнеркәсіп саласында инновациялық технологияларды тәжірибеде қолдану»;

**4 Секция** «Ауыл шаруашылығы техникасын механикаландырудың қазіргі жағдайы және даму перспективалары».

### Бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Ұпай
1	Тақырыптың өзектілігі	1-5
2	Жұмыстың көлемі және толыққандылығы	1-5
3	Жұмыстың бірізділігі	1-5
4	Жұмыстың мазмұнының талаптарын сақтау	1-5
5	Жұмысты әзірленуінің сапасы	1-5
6	Зерттеу жұмысының ерекшелігі	1-5
7	Шығармашылық қабілеттілігі	1-5
8	Қортындылаудың дәйектілігі	1-5
9	Тақырып бойынша ғылыми дерек көздерінің ауқымдылығы	1-5
10	Плагиат	1-5

## V. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

5.1 Ұсынылған жұмыстар критерийлер бойынша берілетін ұпайлармен бағаланады (бір критерий тах – 5 ұпай, ұпайдың ең жоғары мүмкін саны: 50 ұпай).

5.2. Конференция тапсырмаларын бағалаудың нәтижесі бойынша сарапшылар кеңесі жүлдегерлерді анықтайды.

5.3. Жеңімпаздар ШҚО кәсіптік білім беру орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Орынға ие болмаған қатысушыларға сертификаттар беріледі.

**ШҚО техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі ауылшаруашылық бағытындағы оқу орындары студенттерінің арасында өтетін «Агроөнеркәсіп кешені: жағдайы, мәселелері, болашағы» облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысуға  
ӨТІНІМ**

№	Ұйымның атауы	Қатысушының аты-жөні, тегі	Мамандығы	Секция атауы	Тақырыбы	Жетекшінің аты-жөні, тегі (ұялы телефон, электрондық пошта)
1						

Жетекші мен қатысушының жеке куәлігінің көшірмесін жіберу керек